

Сыртқы және өзара сауданың интеграцияланған ақпараттық жүйесінің мемлекетаралық сынақтары туралы

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2015 жылғы 18 тамыздағы № 96 шешімі

Еуразиялық экономикалық одақ шеңберіндегі ақпараттық-коммуникациялық технологиялар және ақпараттық өзара іс-қимыл туралы хаттаманың (2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа № 3 қосымша) 3 және 30-тармақтарына сәйкес Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасы шешті:

1. Қоса беріліп отырған Сыртқы және өзара сауданың интеграцияланған ақпараттық жүйесінің мемлекетаралық сынақтары туралы ереже бекітілсін.

2. Сыртқы және өзара сауданың интеграцияланған ақпараттық жүйесінің мемлекетаралық сынақтарын өткізу жөнінде комиссия құрылсын.

3. Қоса беріліп отырған Сыртқы және өзара сауданың интеграцияланған ақпараттық жүйесінің мемлекетаралық сынақтарын өткізу жөніндегі комиссия туралы ереже бекітілсін.

4. Осы Шешім ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік 30 күн өткен соң күшіне енеді.

*Еуразиялық экономикалық комиссия
Алқасының Төрағасы*

В. Христенко

Еуразиялық экономикалық комиссия
Алқасының 2015 жылғы
18 тамыздағы № 96 шешімімен
БЕКІТІЛГЕН

Сыртқы және өзара сауданың интеграцияланған ақпараттық жүйесінің мемлекетаралық сынақтары туралы ЕРЕЖЕ

1. Осы Ереже сыртқы және өзара сауданың интеграцияланған ақпараттық жүйесінің мемлекетаралық сынақтарын ұйымдастырудың және өткізудің, сондай-ақ оның функционалдық мүмкіндіктерін кеңейту негізінде құрылатын Еуразиялық экономикалық одақтың интеграцияланған ақпараттық жүйесінің тәртібін (бұдан әрі тиісінше – мемлекетаралық сынақ, интеграцияланған жүйе) белгілейді.

2. Мемлекетаралық сынақтар интеграцияланған жүйенің кіші жүйесінің интеграцияланған жүйе құруға арналған техникалық міндеттер талабына және интеграцияланған жүйенің кіші жүйесінің Еуразиялық экономикалық одақ шеңберіндегі ортақ процестерді (бұдан әрі тиісінше – ортақ процестер, Одақ) іске асыруға дайындығы туралы шешім қабылдауға сәйкестігін кешенді тексеру мақсатында жүргізіледі.

3. Мемлекетаралық сынақтар мынадай іс-шараларды:

а) интеграцияланған жүйенің кіші жүйесінің интеграцияланған жүйе құруға арналған техникалық міндеттердің, интеграцияланған жүйенің кіші жүйесін құруға арналған жекеше техникалық міндеттердің талаптарына сәйкестігін тексеруді;

б) интеграцияланған жүйенің кіші жүйесінің ортақ процестерді іске асыруға дайындығын тексеруді қамтиды.

4. Мемлекетаралық сынақтар Сыртқы және өзара сауданың интеграцияланған ақпараттық жүйесін мемлекетаралық сынаудың бағдарламасы мен әдістемесіне сай қосымшаға сәйкес жүргізіледі.

5. Мемлекетаралық сынақтар Еуразиялық экономикалық комиссияның (бұдан әрі – Комиссия) интеграцияланған жүйесінің интеграциялық сегментін құру жөніндегі жұмысты іске асыру шеңберінде жүргізіледі.

Интеграцияланған жүйенің Одаққа мүше мемлекеттердің (бұдан әрі – мүше мемлекеттер) ұлттық сегменттеріндегі мемлекетаралық сынақтар осындай сегменттердің дайындығына қарай кезең-кезеңімен жүргізіледі.

6. Интеграцияланған жүйенің кіші жүйесінің ортақ процестерді іске асыруға арналған ақпараттық өзара іс-қимылды қамтамасыз етуге дайындығы осы Ережеге қосымшада көзделген Бағдарлама мен әдістемеге сәйкес тексеріледі.

7. Ортақ процестердің интеграцияланған жүйе құралдарымен іске асыруға дайындығы туралы шешім әрбір ортақ процесс бойынша жеке қабылданады және мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарының ақпараттық жүйелерінің және тиісті ақпараттық өзара іс-қимылдың интеграцияланған жүйелері арқылы ортақ процестерді іске асыруға жұмылдырылған Комиссияның ақпараттық жүйелерінің дайындығы туралы тұжырымдар негізінде айқындалады. Ортақ процестердің интеграцияланған жүйесі құралдарымен іске асыру кезінде ақпараттық өзара іс-қимылды регламенттейтін технологиялық құжаттардың талаптарына сәйкестікті осындай ақпараттық жүйелер арасындағы ақпараттық өзара іс-қимылды тестілеу олардың дербес жоспарлар бойынша дайындығының шамасына қарай жүргізіледі.

8. Интеграцияланған жүйенің мемлекетаралық сынақтарын ұйымдастыру және өткізу мақсатында интеграцияланған жүйенің мемлекетаралық сынақтарын өткізу жөнінде комиссия (бұдан әрі – сынақ өткізу жөніндегі комиссия) құрылады.

9. Сынақ өткізу жөніндегі комиссия Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2015 жылғы 18 тамыздағы № 96 шешімімен бекітілген Сыртқы және өзара сауданың интеграцияланған ақпараттық жүйесінің мемлекетаралық сынақтарын өткізу жөніндегі комиссия туралы ережеге сәйкес құрылады және өз қызметін жүзеге асырады.

10. Мемлекетаралық сынақтардың нәтижелері осы Ережеге қосымшада, сондай-ақ Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2015 жылғы 18 тамыздағы № 96 шешімімен бекітілген Сыртқы және өзара сауданың интеграцияланған ақпараттық

жүйесінің мемлекетаралық сынақтарын өткізу жөніндегі комиссия туралы ережеде белгіленген тәртіпте бекітілген, сынақты өткізу жөніндегі комиссия жұмысының регламентінде көзделген Бағдарлама мен әдістемеге сәйкес ресімделеді.

11. Мемлекетаралық сынақтардың нәтижелері бойынша мынадай шешімдердің бірі қабылдануы мүмкін:

а) мемлекетаралық сынақтар ойдағыдай деп танылсын;

б) анықталған сәйкессіздікті жою және мемлекетаралық сынақтарды қайта өткізу үшін интеграцияланған жүйенің кіші жүйесін пысықтау қажет деп танылсын.

12. Сынақ өткізу жөніндегі комиссияның қызметін ұйымдық-техникалық қамтамасыз етуді Комиссияның интеграцияланған жүйесі интеграциялық сегментін құру және дамыту жөніндегі жұмысты ұйымдастыруға жауапты Комиссия департаменті жүзеге асырады.

13. Интеграцияланған жүйенің кіші жүйесі құрауыштарының Комиссиясының интеграциялық сегменті шеңберіндегі мемлекетаралық сынақтарға дайындығын Комиссияның интеграцияланған жүйесі интеграциялық сегментін құру және дамыту жөніндегі жұмысты ұйымдастыруға жауапты Комиссия департаменті қамтамасыз етеді.

14. Мүше мемлекеттің ұлттық сегменті шеңберіндегі интеграцияланған жүйенің кіші жүйесі құрауыштарының мемлекетаралық сынақтарға дайындығын мүше мемлекеттің интеграцияланған жүйе ұлттық сегментінің тапсырыс берушісі қамтамасыз етеді.

15. Мемлекетаралық сынақтарды қаржыландыру интеграцияланған жүйені құруға арнап көзделген қаражаттар есебінен жүзеге асырылады.

Сыртқы және өзара сауданың
интеграцияланған ақпараттық
жүйесінің мемлекетаралық
сынақтары туралы ережеге
ҚОСЫМША

Сыртқы және өзара сауданың интеграцияланған ақпараттық жүйесі мемлекетаралық сынақтарының БАҒДАРЛАМАСЫ МЕН ӘДІСТЕМЕСІ

1. Сыртқы және өзара сауданың интеграцияланған ақпараттық жүйесі мемлекетаралық сынақтарының объектісі (бұдан әрі тиісінше – мемлекетаралық сынақтар, интеграцияланған жүйе) осы жүйенің кіші жүйелері болып табылады.

2. Мемлекетаралық сынақтарды өткізудің мақсаттары интеграцияланған жүйенің кіші жүйелерінің интеграцияланған жүйе құруға арналған техникалық апсырмалардың, интеграцияланған жүйенің кіші жүйелерін құруға арналған жекеше техникалық тапсырмалардың талаптарына және интеграцияланған жүйенің кіші жүйелерін пайдалануға беруге және Еуразиялық экономикалық одақ шеңберіндегі ортақ

процестерді (бұдан әрі – ортақ процестер) іске асыру үшін ақпараттық өзара іс-қимылды қамтамасыз етуге дайындығы туралы шешім қабылдауға сәйкестігін кешенді тексеру болып табылады.

3. Мемлекетаралық сынақтарды интеграцияланған жүйеге мемлекетаралық сынақтар өткізу жөніндегі комиссия (бұдан әрі – сынақтар өткізу жөніндегі комиссия) Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2015 жылғы 18 тамыздағы № 96 шешімімен бекітілген Сыртқы және өзара сауданың интеграцияланған ақпараттық жүйесінің мемлекетаралық сынақтары туралы ережеге сәйкес өткізеді.

4. Мемлекетаралық сынақтар бақылау мысалдарының жиынын пайдалана отырып өткізілетін тексерулер жиынтығы болып табылады.

5. Мемлекетаралық сынақтар 2 сатыда өткізіледі:

а) бірінші саты – Еуразиялық экономикалық комиссияның (бұдан әрі – Комиссия) интеграциялық сегменті шеңберіндегі интеграцияланған жүйе кіші жүйелерінің мемлекетаралық сынақтары;

б) екінші саты – Комиссияның интеграциялық сегментінің Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің (бұдан әрі – мүше мемлекеттер) ұлттық сегменттерімен өзара іс-қимылындағы интеграцияланған жүйе кіші жүйелерінің мемлекетаралық сынақтары.

6. Мемлекетаралық сынақтардың бірінші сатысында интеграцияланған жүйе кіші жүйелерінің:

а) Комиссияның интеграциялық сегменті шеңберінде олардың автономды жұмыс істеу бөлігінде интеграцияланған жүйе құруға арналған техникалық тапсырмалардың, кіші жүйелер құруға арналған жекеше техникалық тапсырмалардың талаптарына сәйкестігін;

б) Комиссияның интеграциялық сегменті шеңберінде сабақтас кіші жүйелермен өзара іс-қимыл бөлігінде интеграцияланған жүйе құруға арналған техникалық тапсырмалардың, кіші жүйелер құруға арналған жекеше техникалық тапсырмалардың талаптарына сәйкестігін;

в) Комиссияның интеграциялық сегментіндегі ортақ процестерді іске асыруға арналған ақпараттық өзара іс-қимылды қамтамасыз етуге дайындығын тексеру жүзеге асырылады. Тексеру арнаулы әзірленген модельдік ортақ процесте (бұдан әрі – модельдік ортақ процесс) тестілеу мақсатында жүзеге асырылады, ол интеграцияланған жүйенің кіші жүйелерінде іске асырылатын негізгі функцияларды және ақпараттық өзара іс-қимыл тәсілдерін қамтиды.

7. Мемлекетаралық сынақтардың екінші сатысында:

а) мүше мемлекеттердің ұлттық сегменттері құрамындағы интеграцияланған жүйенің кіші жүйелері құрауыштарының интеграцияланған жүйе құруға арналған

техникалық тапсырмалардың, кіші жүйелер құруға арналған жекеше техникалық тапсырмалардың(мүше мемлекеттің әрбір ұлттық сегменті үшін дербес) талаптарына сәйкестігін автономды тексеру;

б) мүше мемлекеттердің ұлттық сегменттері құрамындағы интеграцияланған жүйенің кіші жүйелері құрауыштарының мүше мемлекеттің ұлттық сегменті шеңберіндегі сабақтас құрауыштармен өзара іс-қимыл бөлігінде интеграцияланған жүйе құруға арналған техникалық тапсырмалардың, кіші жүйелер құруға арналған жекеше техникалық тапсырмалардың талаптарына сәйкестігін тексеру;

в) мүше мемлекеттердің ұлттық сегменттерінің құрамындағы интеграцияланған жүйенің кіші жүйелері құрауыштары және Комиссияның интеграцияланған сегментінің арасындағы технологиялық өзара іс-қимылды кешенді тексеру;

г) Комиссияның интеграциялық сегментінің және мүше мемлекеттердің ұлттық сегменттерінің өзара іс-қимылда интеграцияланған жүйенің кіші жүйелерінің ортақ процестерді іске асыруға арналған ақпараттық өзара іс-қимылды қамтамасыз етуге дайындығын кешенді тексеру жүзеге асырылады. Тексеру модельдік ортақ процесті пайдалана отырып жүзеге асырылады.

8. Екінші сатыдағы мемлекеттік сынақтар интеграцияланған жүйе мүше мемлекеттерінің ұлттық сегменттері құрауыштарының осындай сынақтарға дайындығына қарай кезең-кезеңімен өткізілуі мүмкін.

9. Мемлекетаралық сынақтар бақылау мысалдарының жиынын пайдалана отырып өткізілетін жекелеген тексерулердің жиынтығы болып табылады. Мемлекеттік сынақтар жүргізу үшін қажетті тексерулер тізбесін, сондай-ақ оның бақылау мысалдарын сынақтар өткізу жөніндегі комиссия әзірлейді және бекітеді.

10. Бақылау мысалында:

а) мемлекетаралық сынақтар объектісі (бақылау мысалының көмегімен сыналатын интеграциялық жүйенің кіші жүйесінің (кіші жүйе құрауышының) атауы және белгіленімі);

б) мемлекетаралық сынақтар өткізу үшін ұсынылатын құжаттамалар құрамы;

в) мемлекетаралық сынақтар көлемі (тексеру мысалы шеңберінде тексерілетін талаптардың, оларды тексеру тәсілдері мен дәйектілігінің сипаттамасы, әрбір тексерілетін талап үшін сол арқылы тексеру орындалатын бақылау тапсырмаларының тізімі көрсетіледі);

г) мемлекетаралық сынақтарды қажетті материалдық-техникалық қамтамасыз етуге қойылатын талаптар (бақылау мысалының бақылау тапсырмаларын орындау үшін талап етілетін материалдық-техникалық қамтамасыз етудің нақты түрлері);

д) бақылау тапсырмаларын ойдағыдай орындау критерийін қоса алғанда, мемлекетаралық сынақтардың әдістерін айқындайтын бақылау тапсырмаларының

жиыны (сипаттама кесте түрінде келтіріледі, әрбір бақылау тапсырмасы үшін бастапқы шарттар, орындалатын іс-қимылдар тізімі және әрбір іс-қимыл бойынша күтілетін нәтиже келтіріледі) көрсетілуге тиіс.

11. Осы құжаттың 9-тармағында көрсетілген тексерулерді сынақтар өткізу жөніндегі комиссия жүргізеді.

Жекелеген тексерулер жүргізу үшін сынақтар өткізу жөніндегі комиссияның құрамында кіші комиссиялар құрылуы мүмкін.

12. Тексеру мынадай шарттар бар болған:

а) сынақтарға арналған стендтің техникалық инфрақұрылымының дайындығы өткізілген;

б) тексерілетін бағдарламалық қамтамасыз ету орнатылған және жолға қойылған;

в) сынақтар өткізу жөніндегі комиссия мүшелері тексеру жүргізу үшін ұсынылған құжаттамалармен танысқан кезде жүргізіледі.

13. Бақылау тапсырмалары бақылау мысалдарында көрсетілген дәйектілікте орындалуға тиіс.

14. Жүргізілген тексерудің ойдағыдай болуының критерийі бақылау мысалдарын орындау кезінде алынған нақты нәтижелердің бақылау мысалында көрсетілген күтілетін мәндермен тура келуі болып табылады.

15. Тексеру нәтижелері хаттамамен ресімделеді.

Хаттамада мемлекетаралық сынақтардың объектілері, тексерулер шарттары, бақылау тапсырмаларын орындаудың нәтижелері көрсетіледі және сынақтар өткізу жөніндегі комиссияның қорытындысы келтіріледі.

Хаттамаға тексеруге қатысқан сынақтар өткізу жөніндегі комиссия мүшелері қол қояды.

16. Тексеру барысында алынған нәтижелердің күтілетін нәтижелерге сәйкессіздігі анықталған жағдайда сынақтар өткізу жөніндегі комиссия оларды орындаудың ұсынылған мерзімдерін көрсете отырып, қажетті пысықтаулардың тізбесін қалыптастырады.

Кемшіліктер жойылғаннан кейін мемлекетаралық сынақтар қажетті көлемде қайта өткізіледі.

17. Мемлекетаралық сынақтар өткізу нәтижелері мемлекетаралық сынақтар өткізу туралы актілермен ресімделеді, оған сынақтар өткізу жөніндегі комиссия мүшелері қол қояды және сынақтар өткізу жөніндегі комиссия төрағасы бекітеді.

Мұндай актілерде мемлекетаралық сынақтар шеңберінде жүргізілген тексерулер нәтижелері көрсетіледі, сынақтар өткізу жөніндегі комиссияның сынақ объектісін пайдалануға беруге дайындығы туралы тұжырымдары келтіреді.

Актіге жүргізілген тексерулердің хаттамалары қоса тіркеледі.

18. Мемлекетаралық сынақтар өткізу туралы актілер мемлекетаралық сынақтар өткізудің нәтижелері туралы мәселені Комиссия Алқасының қарауына енгізуге арналған құжаттар мен материалдардың жинағына қосылады.

Еуразиялық экономикалық комиссия
Алқасының 2015 жылғы
18 тамыздағы № 96 шешімімен
БЕКІТІЛГЕН

Сыртқы және өзара сауданың интеграцияланған ақпараттық жүйесінің мемлекетаралық сынақтарын өткізу жөніндегі комиссия туралы ЕРЕЖЕ

1. Сыртқы және өзара сауданың интеграцияланған ақпараттық жүйесінің мемлекетаралық сынақтарын өткізу жөніндегі комиссия (бұдан әрі тиісінше – комиссия, интеграцияланған жүйе) интеграцияланған жүйенің мемлекетаралық сынақтарын ұйымдастыру және өткізу, сондай-ақ Еуразиялық экономикалық одақ шеңберіндегі ортақ процестерді (бұдан әрі – ортақ процестер) іске асыруға арналған ақпараттық өзара іс-қимылды қамтамасыз етуге дайындықты тексеру мақсатында құрылды.

2. Комиссия құрамы Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің (бұдан әрі – мүше мемлекеттер) құзыреттеріне интеграцияланған жүйе мүше мемлекеттерінің ұлттық сегменттерін құру, трансшекаралық электрондық құжат айналымы шеңберінде ақпараттық қауіпсіздікті және электрондық құжаттардың заңдық маңызын қамтамасыз ету жататын уәкілетті органдарының өкілдері мен Еуразиялық экономикалық комиссияның лауазымды адамдары (әр мүше мемлекеттен 3 өкілден) қатарынан қалыптастырылады

3. Комиссия құрамы Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының өкімімен бекітіледі.

4. Комиссия Төрағасы Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының мүшелері қатарынан тағайындалады.

5. Комиссия Төрағасы комиссия отырыстарына төрағалық етеді және комиссия жұмысына жалпы басшылықты жүзеге асырады.

6. Комиссия кіші комиссияларды, сондай-ақ жұмыс және сараптама топтарын қалыптастыруы мүмкін.

7. Комиссия:

а) интеграцияланған жүйенің мемлекетаралық сынақтарының жоспар-графигін жасайды;

б) мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарының ақпараттық жүйелері мен Еуразиялық экономикалық комиссияның ортақ процестерді іске асыруға қосылған ақпараттық жүйелері арасындағы ақпараттық өзара іс-қимылдың интеграцияланған жүйенің құралдарымен ортақ процестерді іске асыру кезінде (бұдан әрі – ортақ

процестердің іске асырылу сынағы) ақпараттық өзара іс-қимылды регламенттейтін технологиялық құжаттардың талаптарына сәйкестігін тестілеудің жоспар-графигін жасайды;

в) интеграцияланған жүйенің мемлекетаралық сынақтарын және ортақ процестерді іске асыру сынақтарын өткізуге арналған бақылау мысалдарын әзірлейді;

г) қажетті пысықтаулардың тізбесін жасайды, оларды жүзеге асырудың және интеграцияланған жүйенің мемлекетаралық сынақтары мен ортақ процестерді іске асыру сынақтарын қайта өткізудің мерзімдерін белгілейді;

д) интеграцияланған жүйенің мемлекетаралық сынақтарының нәтижелері туралы, ортақ процестерді іске асыру сынақтарының нәтижелері туралы шешім қабылдайды.

8. Комиссия отырыстарын өткізудің, кіші комиссияларды, жұмыс және сараптама топтарын қалыптастырудың, сарапшылар тартудың, комиссияның шешім қабылдауы мен оларды ресімдеуінің тәртібі, сондай-ақ комиссия қабылдайтын құжаттардың нысандары комиссия төрағасы бекітетін комиссияның жұмыс регламентінде белгіленеді.